

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ  
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



16-18 маусым  
Нұр-Сұлтан, 2022

## «TURKLANG 2022»

«Түркі тілдерін компьютерлік өңдеу»  
атты X халықаралық конференция  
ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

X Международной конференции  
«Компьютерная обработка тюркских языков»

## «TURKLANG 2022»

PROCEEDINGS

of the X International Conference  
on Computer processing of Turkic Languages

## «TURKLANG 2022»

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF  
THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

**«TURKLANG 2022»  
«Түркі тілдерін компьютерлік өңдеу»  
атты X халықаралық конференция  
ЕҢБЕКТЕРІ  
16-18 маусым 2022 ж.**

**ТРУДЫ  
X Международной конференции  
«Компьютерная обработка тюркских языков»  
«TURKLANG 2022»  
16-18 июня 2022 г.**

**PROCEEDINGS  
of the X International Conference  
on Computer processing of Turkic Languages  
«TURKLANG 2022»  
16-18 June 2022**

Нұр-Сұлтан, 2022

**УДК 80/81:004**  
**ББК 81.2:32-973**  
**Т 90**

**Техникалық редакция:**

Ергеш Б.Ж.  
Елибаева Г.К.  
Турсынова Н.А.

**Т 90** ТҮРКІ ТІЛДЕРІН КОМПЬЮТЕРЛІК ӨНДЕУ. X халықаралық конференция: Еңбектері = КОМПЬЮТЕРНАЯ ОБРАБОТКА ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ. X международная конференция: Труды. / - Нұр-Сұлтан: «Булатов А.Ж.» ЖК, 2022.= Нур-Султан: ИП «Булатов А.Ж.»

**ISBN 978-601-326-645-9**

Жинақта «Түркі тілдерін компьютерлік өңдеу» атты X халықаралық конференция қатысушыларының баяндамалары енген.

Компьютерлік лингвистика бағыты бойынша оқитын студенттерге, магистранттарға, докторанттарға және мамандарға арналған.

Жинақ «BR11765535» Қазақ тілі мәдениетін арттыру және функцияларды кеңейту бойынша ғылыми-лингвистикалық негіздер мен IT-ресурстарды әзірлеу» бағдарламасы есебінен жарияланды.

В сборнике представлены доклады участников X международной конференции «Компьютерная обработка тюркских языков».

Предназначен для студентов, магистрантов, докторантов и специалистов специализирующихся в областях компьютерной лингвистика.

Сборник издан за счет средств программы BR11765535 «Разработка научно-лингвистических основ и IT-ресурсов по расширению функций и повышению культуры казахского языка».

**УДК 80/81:004**  
**ББК 81.2:32-973**

**ISBN 978-601-326-645-9**

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022

ОӘК 81'373.2

<sup>1</sup>Орынбай Л. О., <sup>2</sup>Сайранбекова А. Д.,<sup>3</sup>Елибаева Г. К., <sup>4</sup>Бекманова Г. Т.*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан*<sup>1</sup>*laura.aktobe.kz@gmail.com*, <sup>2</sup>*sairanbekova98@gmail.com*,  
<sup>3</sup>*gaziza\_y@mail.ru*, <sup>4</sup>*gulmira-r@yandex.kz*

## ҚАЗАҚ ЕСІМДЕРІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ БАЗАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫН АНЫҚТАУ ЖОЛДАРЫ

**Андатпа.** Кез-келген адам үшін қызықты болып табылатын тақырыптардың бірі ол өз есімінің шығу тарихын білу немесе ғылыми тілде айтатын болсақ, антропонимия. Аталған мақалада ономастиканың үлкен бөлімі ретінде қарастыралатын антропонимияға тоқталады. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қазақ есімдерінің семантикалық базасының құрылымы жасалды. Құрылым бойынша есімдер шығу тегі қай елдің тілдерінен кіріккен екендігіне байланысты, сонымен қатар лексикалық мағынасына, өзіндік қасиеттеріне қарай топтастырылды.

**Түйін сөздер:** ономастика, антропонимия, есімдер, семантикалық талдау, семантикалық база.

УДК 81'373.2

<sup>1</sup>Орынбай Л. О., <sup>2</sup>Сайранбекова А. Д.,<sup>3</sup>Елибаева Г. К., <sup>4</sup>Бекманова Г. Т.*Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева  
Нур-Султан, Казахстан*<sup>1</sup>*laura.aktobe.kz@gmail.com*, <sup>2</sup>*sairanbekova98@gmail.com*,  
<sup>3</sup>*gaziza\_y@mail.ru*, <sup>4</sup>*gulmira-r@yandex.kz*

## СПОСОБЫ ОПРЕДЕЛЕНИЯ СТРУКТУРЫ СЕМАНТИЧЕСКОЙ БАЗЫ КАЗАХСКИХ ИМЕН

**Аннотация.** Одной из тем, которая интересна любому человеку, является изучение истории происхождения его имени или антропонимия, если говорить на научном языке. В данной статье речь идет об антропонимии, которая рассматривается как большой раздел ономастики. В результате исследовательской работы была разработана структура семантической базы казахских имен. По структуре имена группировались в зависимости от того, из каких языков страны они были интегрированы по происхождению, а также по лексическому значению, по собственным качествам.

**Ключевые слова:** ономастика, антропонимия, имена, семантический анализ, семантическая база.

*UDC 81'373.2*

*<sup>1</sup>Orynbay L., <sup>2</sup>Sairanbekova A.,*

*<sup>3</sup>Yelibayeva G., <sup>4</sup>Bekmanova G.*

*L. N. Gumilyov Eurasian National University*

*Nur-Sultan, Kazakhstan*

*<sup>1</sup>laura.aktobe.kz@gmail.com, <sup>2</sup>sairanbekova98@gmail.com,*

*<sup>3</sup>gaziza\_y@mail.ru, <sup>4</sup>gulmira-r@yandex.kz*

## **METHODS OF DETERMINING THE STRUCTURE OF THE SEMANTIC DATABASE OF KAZAKH NAMES**

**Abstract.** One of the topics that is interesting to any person is the study of the history of the origin of his name or anthroponymy, if we speak in scientific language. In this article we are talking about anthroponymy, which is considered as a large section of onomastics. As a result of the research work, the structure of the semantic database of Kazakh names was developed. According to the structure, the names were grouped depending on which languages of the country they were integrated from by origin, as well as by lexical meaning, by their own qualities.

**Keywords:** onomastics, anthroponymy, names, semantic analysis, semantic base.

### **Кіріспе**

Кез-келген тілдің лексикалық қорының маңызды бөлігінің бірі – жалқы есімдер. Оларсыз адамның қарым-қатынасы мүмкін емес. Қоршаған ортадағы табиғаты жағынан бірдей болмыстарды бір-бірінен ажырату үшін, ажырату функциясын атқаратын ерекше сөздер ойлап табу керек.

Ономастика – кез-келген жанды немесе жансыз затты, құбылысты жеке белгілеу үшін қызмет ететін тиісті атауларды зерттейтін тіл білімінің саласы. Ономастиканың объектісі – тілдің жалпы лексикалық қорының өзіндік ішкі жүйесін құрайтын барлық категориялардың жалқы есімдері [Мадиева, 2003, 9 б]. Өз атымен аталған объектіні басқа объектілер арасында бөліп көрсетуге, оны дараландыруға және сәйкестендіруге қызмет ететін барлық сөздер, сөз тіркестері немесе сөйлемдер жалқы есім мағынасында түсініледі. Жалқы есімдер ономастикалық тұрғыда әмбебап болып табылады, өйткені оларсыз бірде-бір тіл немесе мәдениет болмайды [Жанұзақов, 1971].



Ономастика пәні – табиғи және жасанды атауларды қалыптастыру үшін қолданылатын тілдік құралдар жүйесі, олардың құрылымы, семантикалық және сөзжасамдық модельдер, тиісті атаулардың өзара байланысы, септеу ерекшеліктері, тиісті атаулардың синтаксисі, орындалатын функциялар [Мадиева, 2003, 9 б].

Аталған объектіге байланысты жалқы есімдер әртүрлі санаттарға бөлінеді [Керимбаев, 1995]. Оның ішінде, антропоним – бұл адамның немесе адамдар тобының жеке атын, әкесінің атын, тегін, лақап атын, криптонимін (құпия аты), андронимді (әйелінің аты, лақап аты немесе күйеуінің тегі), гинеконимді (ер адамның аты, анасының аты немесе лақап аты), патронимді (әкесінің немесе ата-бабаларының атынан (лақап атымен) құрылған адамның аты) білдіретін ұғым [Мадиева, 2003, 10 б].

Қазақ антропонимиясы – қазақ тіліндегі антропонимдердің, яғни адамды қазақ тілінде атау үшін қолданылатын жалқы есімдер жиынтығы. Қазақ антропонимиясы алуан түрлілігімен ерекшеленеді және байырғы қазақ және кірме, басқа тілден енген есімдерді де (негізінен араб немесе парсы тілінен) қамтиды. Қазақ есімдерінің басым тобы халқымыздың өткені мен бүгінінің арасындағы мәдени-тарихи өмірінің көрінісін анық көрсетеді [Жанұзақ, 2006].

### Қазақ есімдерінің семантикалық базасын әзірлеу

Қазақ есімдерін семантикалық талдау барысында, авторлар антропонимдердің түрлі тұрғыдан жіктелуін қарастырды, шығу тектері мен есімдердің мағынасын аша отырып, соған сәйкес сөздердің қасиеттері анықталып, семантикалық базаның алғашқы құрылымдары жасалды. Зерттеу жұмысы барысында әзірленіп жатқан семантикалық базаның фрагменті 1-суретте көрсетілген. Бұл базада қазақ есімдерінің мүмкін болатын 100-ге жуық қасиеттері белгіленді [Жанұзақ, 2004, 6-10 бб].

Есімдер	Ер адамның аты	Әйел адамның аты	Мағынасы	Өзгеріске ұшыраған	Негізгі түбірі	Араб тілінен	Табиғатқа байланысты	Аспан денелеріне (Ай, жұлдыз) қатысты есімдер	Өсімдік атауы	Үй-жайлармен, мүліктерге байланысты	Сұлу болсын деп
Айдария		1	айдай сұлу, теңіз, үлкен өзен				1	1			1
Айкамал		1	айдай сұлу, әдемі			1		1			1
Айжан		1	айдай сұлу, әдемі					1			1
Айжаня		1	айдай сұлу, әдемі	1	Айжан			1			1
Айзада		1	Айдай перзент					1			1
Айзиба		1	Ай сияқты сұлу					1			1
Айзия		1	Ай сәулелі сұлу			1	1	1			1
Айкүміс		1	Күміс сияқты					1			1
Айман		1	белгілі, әйгілі, данқты; ар, ант, серт			1					
Айманай		1	белгілі, әйгілі			1		1			1
Аймангүл		1	белгілі, әйгілі			1			1		1

Сурет 1. Қазақ есімдерінің семантикалық базасының көрінісі

Қазақ тіліне кірігіп кеткен шығу тегі әртүрлі тілдерден болатын есімдер және көне қазақ тіліндегі есімдерді 1-кестеден көруге болады.

Кесте 1. Әлем тілдерінен қазақ тіліне кіріктірілген есімдер

<b>Шығу тегіне байланысты топ</b>	<b>Мысалы</b>
Көне қазақ тілі	Шажабек, т.б.
Көне түркі тілі	Алдар, Алтай, Баян, Руслан(а), т.б.
Көне герман тілі	Берта, Эмма, Эдуард, Эрик, т.б.
Көне еврей тілі	Адам, Айша (Ғайша, Қайша), Анна, т.б.
Батыс Еуропадан енген	Долорес, Дина, Артур, Марат, т.б.
Ағылшын тілі	Айзақ, Жастина, Хамер, т.б.
Латын тілі	Адриан, Агнесса, Белла, Флора, т.б.
Испан тілі	Эльвира, Диас, т.б.
Неміс тілі	Грета, Верт, Ада, т.б.
Скандинавия тілі	Ольга, Инга, Елизавета, т.б.
Кельт тілі	Артур, т.б.
Грек тілі	Арсен, Ағлия, Арина, Лариса, Мирон, т.б.
Иран тілі	Бағдат, Құбан, Заида, Фируза және т.б.
Араб тілі	Аббас (Ғаббас, Қаппас, Қапбас), Даниял, Жәмила, Нағима және т.б.
Алтай тілі	Мөңке, т.б.
Қалмақ тілі	Адық, Бату, Мерген, т.б.
Қырғыз тілі	Жолай, Манас, т.б.
Монғол тілі	Құрал, Ойрат, Ноян, Жирен, т.б.
Тибет тілі	Тайшық, Шойбек, т.б.
Манчжурия тілі	Құралай, Тана, т.б.
Түрік тілі	Бекеш, Севиль, Эмира, т.б.

Түркмен тілі	Темір, Дулат, Аттила, Дамира, т.б.
Азербайжан тілі	Бейқан, т.б.
Тәжік тілі	Абира, Аза, Майса, Нияз, т.б.
Татар тілі	Ишмурат, Алсу, т.б.
Грузин тілі	Дила, т.б.
Орыс тілі	Замир, Владлен, Бәтес, т.б.
Украин тілі	Оксана, т.б.

Қазақ тіліндегі есімдердің арасында бірнеше түбірден құралған біріккен сөздер де бар, мұндай есімдерді авторлар жасап жатқан кестеде толық мағынасын ашып, толықтыру үстінде (2-сурет). Олардың әр түбірі әр тілден енген болуы да мүмкін. Мысалы, Аймира есімі “ай” – қазақ тіліндегі аспан денесі және “мир” – орыс тіліндегі бейбітшілік, тыныштық деген мағынаны білдіретін екі сөзден құралған. Біріккен сөз болып табылатын есімдердің басқа мысалдары ретінде келесілерді көрсетуге болады: Айнажан, Ақбота, Анаргүл, Бибігүл, Абылғазы, Абдолла және т.б.

Есімдер	Бірнеше түбірлі (күрделі сөз)	1-түбір	тіл	мағынасы	сөз табы	2-түбір	тіл	мағынасы	сөз табы
Амангүл	1	аман	қазақ	сау, есең саламат	с.е.	гүл	тәжік	роза	з.е.
Аманғайша	1	аман	қазақ	сау, есең саламат	с.е.	ғайша (айша)	көне еврей, араб	сүруші, өмірге	з.е.
Аманбала	1	аман	қазақ	сау, есең саламат	с.е.	бала	қазақ		з.е.
Анар									
Анаргүл	1	анар	иран	дәні бар алма тектес жеміс	з.е.	гүл	тәжік	роза	з.е.
Анархан	1	анар	иран	дәні бар алма тектес жеміс	з.е.	хан	қазақ	лауазым	з.е.
Анаржан	1	анар	иран	дәні бар алма тектес жеміс	з.е.	жан	иран	тірінің бойындағы	з.е.
Гүлнәр	1	гүл	тәжік	роза	з.е.	анар	иран	дәні бар алма тектес	з.е.

## Сурет 2. Бірнеше түбірлі есімдердің мысалы

Лексикалық тұрғыдан және есімдердің шығу тарихын зерттей отыра, келесідей қасиеттер анықталды:

1. Тарихпен, ұлтпен байланысты есімдер:



- a. Ру-тайпа атауларына (этноантропоним): Адай, Алшынбай, Найман және т.б.
- b. Тарихи оқиғамен байланысты есімдер: Жеңіс, Сайлау және т.б.
- c. Діни есімдер: Абыз, Ажар, Айша және т.б.
- d. Салт-дәстүрге қатысты: Айдар, Кекілбай, Тұлымбек, Ақмарал және т.б.
2. Әдеби шығармалармен байланысты есімдер:
  - e. Аңыз-ертегі кейіпкерлері (миф) есімдері: Алдар, Алпамыс, Арина және т.б.
  - f. Әдеби есімдер: Біржан, Әйгерім, Балқадіша, Баян және т.б.
3. Табиғатпен байланысты есімдер:
  - a. Жер-су атауларына байланысты есімдер: Алтай, Бағдат, Еділ және т.б.
  - b. Табиғатқа, табиғат құбылыстарына байланысты есімдер: Айдария, Айзия, Айнұр, Айсәуле және т.б.
  - c. Аспан денелеріне (Ай, жұлдыз) қатысты есімдер: Айбас, Алтынай, Базарайым, Бәдер және т.б.
  - d. Ауа-райына байланысты есімдер: Боран, Дауылбай және т.б.
4. Бағалы заттармен байланысты есімдер:
  - a. Асыл тас аттары: Алмас, Маржан және т.б.
  - b. Әшекейлік бұйымдар: Айзере, Айна, Бәтес және т.б.
  - c. Металл (темір) атауы: Болат, Айкүміс, Алтын және т.б.
  - d. Валюта атауы: Динар, Динара және т.б.
5. Аңдар және құстармен байланысты есімдер:
  - a. Төрт түлік мал және оның төлдеріне қатысты: Ақбота, Аққозы, Дөненбай, Жанбота және т.б.
  - b. Жыртқыш жануарлар: Арыстан, Қасқырбай, Байбөрі және т.б.
  - c. Аң аты: Бұғыбай, Ақмарал және т.б.
  - d. Құс аты: Бүркіт, Бұлбұл, Лашын және т.б.
  - б. Өсімдік атауымен байланысты есімдер: Гүлім, Қызғалдақ, Раушан, Роза және т.б.
7. Жеміс-жидек атауларымен байланысты есімдер: Алма, Анар, Қарақат және т.б.
8. Түрлі тағам аттарына байланысты есімдер: Алуа, Әсел, Шекер, Шыран және т.б.
9. Үй-жиһаздарымен, мүліктерге байланысты есімдер: Айнагүл, Табақбай және т.б.
10. Түс атаулары бар есімдер: Ақбота, Сары және т.б.
11. Дене мүшесі, адам ағзасына байланысты қойылған есімдер: Аққал, Алтыншаш, Ботагөз және т.б.
12. Отбасына байланысты есімдерді келесідей анықтауға болады:

a. Ер бала тұрақтамағаннан қойылатын есімдер: Тоқтар, Тұрар, Өтеген, Төлеміс және т.б.

b. Әке-шешесінің неше жасқа келгенде туғанына байланысты: Алпыс, Жетпісбай, Қырықгүл

c. Үйде бала көп болсын деп қойылатын есімдер: Байжан және т.б.

d. Отбасында ер бала көп болсын деп қойылатын есімдер: Байқошқар, Қошқарбай және т.б.

e. Үйдің тұңғышына қойылатын есімдер: Әбубәкір, Әуел және т.б.

f. Соңынан еріп туған балаға қойылатын есімдер: Ергеш, Жалғас және т.б.

g. Үйдің кенжесіне қойылатын есімдер: Кенжебек, Балбала, Балшекер және т.б.

h. Аңсап дүниеге келген балаға қойылатын есімдер: Аңсаған, Аңсар және т.б.

i. Жалқы туған бала қойылатын есімдер: Біржан, Балқадияша және т.б.

j. Егіз туған балаларға қойылатын есімдер: Егізбай, Қосжан, Жақып және т.б.

k. Баланың туған күні, айы, жылына байланысты қойылған есімдер: Әшір, Бейсенбі, Әдита және т.б.

l. Туыстық атаулармен байланысты: Абира, Жиенбай, Туғанбай және т.б.

Есім беруді түрлі тілектермен, мақсаттармен байланысты сөздерді қолдану да көптеп кездеседі [Жанұзақов, 1965]. Ата-ананың сәбиіне батырлық (Айбар, Айтемір, Айбын, Қайсар, Жігер, т.с.с.), ақылдылық пен білімділік (Ақылбек, Әбутәліп, Ағила, Бекдана, т.с.с.), сұлулық (Ажар, Айбике, Әдемі, т.с.с.), ұзақ өмір (Амантұр, Әбілқайым, Айша, Амангүл, Жанұзақ, т.с.с.), құрмет (Әшім, Ардақ, Әзиза, Ғалия, т.с.с.), байлық (Байахмет, Аида, Әлиша, т.с.с.), көп дос (Байдос, Аниса, т.с.с.), басшылық (Бижан, Дегдар, Әмира, т.с.с.), әділділік пен адалдық (Агнесса, Арна, Әдила, т.с.с.), бақыт (Бағымша, Бақтыгүл, Бақытбек, т.с.с.), жомарттық (Ақжібек, Анна, Аршат, т.с.с.), мейірімділік (Мейірім, Әмина, Мейіргүл, т.с.с.), еңбекқорлық (Әмила, Бәдиға, т.с.с.), халқының баласы болсын деп (Еламан, Елдар, Елжас, т.с.с.), өнерпаздық (Бұлбұл, Өнербай, т.с.с.) секілді жақсы қасиеттерді тілеу ниетінен туындаған.

### **Қорытынды**

Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, ономастика, қазақ антропонимиясы терминдеріне анықтама берілді. Жүргізілген зерттеулер барысында жасалған қазақ есімдерінің семантикалық базасының құрылымы сипатталды. Бұл база есімдердің келесі

қасиеттері бойынша жіктелді: шыққан тегімен (тілі), тарихпен, ұлтпен, әдеби шығармалармен, табиғатпен, бағалы заттармен, аңдар және құстармен, өсімдік атауымен, жеміс-жидек атауларымен, түрлі тағам аттарына, үй-жиһаздарына, мүліктерге, түс атауларына, дене мүшесіне, адам ағзасына, отбасына байланысты есімдер. Сонымен қатар семантикалық базада ата-ананың баласына деген ізгі тілектері негізінде қалыптасқан есімдер де қамтылды.

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (№BR11765535 грант).

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Мадиева Г. Б., Супрун В. Теория и практика ономастики // Алматы: Қазақ университеті. – 2003.
2. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы, Ғылым, 1971 – 218 бет. (Лингвистикалық және тарихи этнографиялық талдау).
3. Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном функциональном аспектах. – Алматы, 1995. – 248 с.
4. Жанұзақ Т.Ж. Қазақ ономастикасы – Казахская ономастика. I том. Астана, ІС-Сервис ЖШС, 2006 ж. – 400 бет.
5. Жанұзақ Т.Ж. Есімдер сыры – Тайны имен. Алматы, 2004. – 208 бет.
6. Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. – Алматы: ХОЗУ СМ КазССР, 1965. – 145 б.